

ТАРИХ
АДАМЗАТ
АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ
ҚАЗЫНАСЫ

ОН ТОМДЫҚ

*Жаңа замандағы
тарихи ой*





«MADENI MURA»
MEMLEKETTİK BAĞDARLAMASYNYN
KİTAP SERIYALARY
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYN TŪŇYSH PREZIDENTI
NŪRSULTAN NAZARBAEVTYN
BASTAMASY BOYYNŞA ŞYFARYLDY

ASTANA

2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

ББК 63.3

T21

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
«Тарих және этнография» секциясының мүшелері және томның
редакция алқасы:**

Қойгелдиев М.Қ. (*төраға*), Алдажұманов Қ.С., Әжіғали С.Е.,
Гаркавец А.Н., Ерофеева И.В., Мәжитов С.Ф.,
Нұрмағамбетова Р.Қ., Сужиков Б.М.

Томды басуға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның ғылыми сараптаушысы және аударманың арнайы редакторы:
тарих ғылымдарының кандидаты *Ш.Т. Нұрман*

Томды құрастырудың ғылыми редакторы:
тарих ғылымдарының докторы, профессор *М. Қ. Қойгелдиев*

Томды құрастырғандар:
тарих ғылымдарының кандидаттары, доценттер
Л. Л. Батурина, Е. Ж. Валиханов, И. В. Ерофеева

Томның негізгі тәржімашылары: *Ф.Қ. Атабаева, С.Ф. Мәжитов, Н. Қанафин*

T21 Тарих—адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 4: Жаңа замандағы тарихи ой. — 2005. — 432 бет.

ISBN 9965-35-024-8

«Жаңа замандағы тарихи ой» аталатын төртінші томға жаңа заман зияткерлерінің шығармалары енген. Бұл томның ерекшелігі сонда, оған Г.С.-Д. Болингброк, И. Кант, Ф. Гегель, Ш.Л. Монтескье, А.И. Левшин т.б. еңбектерімен қатар қазақ халқының тарихи ойы өкілдерінің - Ш.Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Қ.М.-С. Бабажанов т.б. - шығармалары енгізілді. Бұл салыстырмалы зерттеу қағидасы негізінде жасалған антологияда еуропалық тарихи ой мен қазақ тарихи ой-санасы Шығыс, соның ішінде Азия тарихи мектебінің өкілі ретінде қарастырылып отыр. Сонымен қатар келтіріп отырған мәліметтер оқырмандарға жаңа заман тұсындағы Батыс пен Шығыстағы тарих және оның мәні туралы түсініктердің айырмашылықтарын көрсетеді.

Аталған еңбектердің басым бөлігі бұрын-соңды қазақ тіліне аударылмаған. Орыс тіліндегі аудармалардағы тілдік, этнографиялық айырмашылықтар, қазақ тілді қауымға осы күнге дейін түсініксіз болып келді.

Кітап зерттеушілерге, жалпы білім беретін мекемелердің ұстаздары мен оқушыларына, аспиранттарға, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымына арналған.

Б $\frac{0503000000}{00(05) - 05}$

ББК 63.3

ISBN 9965-35-024-8 (т. 4)

© Тарих және этнология институты, 2005

ISBN 9965-35-013-2

© «Фолиант» баспасы, 2005

Құрастырушылардан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша елімізде жүзеге асырылып отырған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының «Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы» 10 томдық сериясының төртінші томы жарық көрді. Ол «Жаңа замандағы тарихи ой» деп аталады.

Ұсынып отырған кітапқа батыс авторлары мен жаңа заманның көрнекті қазақ авторларының ең маңызды шығармаларынан үзінділер енген. Олардың маңыздылығы – әлемдік тарихи ойдың қол жеткен табыстарын қазіргі заманның тұрғысынан түсінуге ықпал етуінде.

Дәстүрлі қазақи және еуропалық танымның мәдени байланыстары сонау ерте ортағасырлардан басталып, бір-бірімен өзара тығыз әрекетке тек ХІХ ғасырдың ортасында ғана жетеді. Бұл кезеңге қазақ халқының ұлы ағартушыларының жұмыстарын жатқызуға болады. Еуропалық ғалымдардың зерттеу еңбектерімен қатар Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Қ. М.-С. Бабажанов т.б. отандық тарихнама және қоғамдық ой өкілдерінің еңбектері де берілді. Бұл томдағы еңбектер оқырманға қазақстандық және әлемдік тарихи ойдың жаңа замандағы даму деңгейімен, оның бағыттарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Майталман оқырман әр елдің тарихи ойлау жүйесіндегі өзара сабақтастық пен ішкі байланыстарды анықтауға мүмкіндік алады.

Батыс пен Қазақстан авторларын байланыстырушы тізбек ретінде А.И. Левшиннің «Қырғыз-қайсақ немесе қырғыз-қазақ ордалары мен далаларын сипаттау» деген классикалық еңбегінен үзінділер алынып отыр. А.И. Левшиннің сіңірген еңбегі өте маңызды: ол Еуропа ғылымында алғашқылардың бірі болып қазақ халқының дұрыс аталуын, олардың «қырғыздар» немесе «қырғыз-қайсақтар» деп бұрыс қолданылып жүргенін маңызды ғылыми мәселе ретінде қарастырған. Ол осындай проблемамен тығыз байланысты әртүрлі себептерді

толығынан түсіндіріп, Ресей мен Батыс ғалымдарының еңбектеріндегі қате этнонимдердің пайда болуын көрсеткен. Қазақ халқының саяси тарихын жаңа заманда сипаттағанда, А.И. Левшин ғылымдағы күрделі де, қарама-қайшылықтарға толы үдерістерді – Кіші жүз бен Орта жүздің Ресейге қосылуын және Ресейдің өктемдігінің қазақ даласында орналасуын тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан бағалаған.

Антологиялық үзінділердің әрбіреуін жеке алатын болсақ, әрқайсысында өшпейтін құнды мәліметтер жатыр, олар жаңа заман кезіндегі тарихи ойдың дамуының ерекшеліктерін сипаттайды.

Ұсынылып отырған материалдар жинағының құрамындағы орасан зор мәліметтер қазақ оқырманына тарих пен тарихи ойды ғана түсініп қоймай, қазақ тілінің кейбір қырларын ашуларына мүмкіндік береді. Олар жаңа тарихтың бұрын-соңды ашылмаған, түсініксіз болған мәселелерін анықтайды.

Басым бөлігі қазақ тіліне тұңғыш рет тәржімаланған бұл шығармалар антологиясы арқылы оқырман олардың түпнұсқасын толығынан оқуға ынталанады деген үміттеміз.

Тарихи ой кейіпкерлері мен олардың шығармалары туралы кіріспе мақалаларды жазған авторлар: *Батурина Л. Л., Мәжитов С. Ф. (Г. С.-Д. Болингброк, И. Кант, И.-Ф. Шиллер, Ф. Гегель, Ш. Л. Монтескье); Ерофеева И. В., Мәжитов С. Ф. (А. И. Левшин); Валиханов Е. Ж., Мәжитов С. Ф. («Жаңа заман және қазақстандық тарихи ой»).*

БАТЫС

ГЕНРИ СЕНТ-ДЖОН БОЛИНГБРОК (1678 – 1751 жж.)

Генри Сент-Джон 1678 жылы 1 қазанда Лондонның маңында, тамыры терең дворян әулетінде дүниеге келеді. Ол ақсүйектер ұрпақтарына арналған колледжді бітірген соң, Еуропаны аралап, нәтижесінде француз тілін жетік меңгеріп, итальян тілін үйренуге кіріседі.

Генри Сент-Джон классикалық әдебиет, тарих, хронологиядан кеңінен хабардар болған. Өз замандастары оны ой-өрісі кең, зерек, сөз байлығы мол, әдебиет саласындағы асқар дарын мінезді, әдепті адам ретінде бейнелейді. 1701 жылы Генри Сент-Джон отбасында қалыптасқан салтқа байланысты, қауымдар Палатасынан өзіне тиісті орын алады. Ол әулеттік қаласы Беркширдің өкіліне айналады. Бұл жерде Сент-Джондар отбасының мүшелері парламентке сайланып келген. Жиырма бес жастағы Сент-Джон тори кабинетінің әскери министр, бас қолбасшы герцог Мальборомен бірге елдің әскери тағдырын шешкен. 1708 жылы ол өз еркімен қызметтен бас тартып, туған иелікті жеріне қайтып келеді.

1710 жылы Генри Сент-Джонға мемлекеттік хатшы лауазымы ұсынылып, ол үкімет басындағы екінші адамға айналады. 1712 жылы оған «виконт Болингброк» титулын береді. 1714 жылы үкімет басына вигтер өкілінің келуіне байланысты, Болингброк мемлекеттік хатшы орнынан айрылады. Қамалудан қорыққан ол 1715 жылы Англиядан қашуға мәжбүр болады. Мемлекетке опасыздық жасады деп айыпталған Г. Болингброктың жеке меншігі тәркіленеді. Тек 1725 жылы, бірнеше өтініштерінің арқасында, Г. Болингброк ақталып, отанына қайтып оралуға рұқсат алады. Бірақ енді оған парламентте істеуге, мемлекеттік лауазымдағы қызмет атқаруға тыйым салынады. Отанына қайтып оралғаннан кейін, Г. Болингброк парламенттен тыс оппозицияны басқарады да, «The Craftsman» («Шебер») деген газет шығаруға кіріседі. «Шебер» беттерінде оның бірқатар саяси эсселері жарық көреді. 1735 жылы Г. С.-Д. Болингброк тағы да елінен кетуге мәжбүр болып, 1751 жылы дүние салады.

Г. Болингброктың философиялық және тарихи мұрасын бір жақты бағалау мүмкін емес. Кейбір зерттеушілер, оны өз заманының қоғамдық—саяси ойдың

дамуына ешқандай үлес қоспады десе, басқалары оны тарихи ғылымда баға жетпес із қалдырушы ретінде бейнелейді. Г. Болингброктың философиялық мұрасында ең жүйелісі — «Адамзат білімі туралы тәжірибелер» атты еңбегі. Бұнда ол өзін Д. Локктың ізбасары, материалист ретінде көрсетеді. Ол адамзат білімінің бұлағы туралы сұраққа материалист ретінде жауап беріп қана қоймай, адамзаттың ойлау қабілетінің табиғаты туралы сұрақты да материалистік тұрғыдан шешеді.

Г. Болингброктың тарихи көзқарастарын айқындайтын — «Тарихты зерттеу мен оның пайдасы жөніндегі хаттары» (1735 жылы). Бұл хаттары оны биіктеу шыңына шыққан ойшыл ретінде көрсете отырып, ағылшынның ғана емес, оны бүкіл Еуропа ағартушылығының тарихи ойының бірегей, баға жетпес маңдай алды өкілі деп бағалауға мүмкіндік береді. Г. Болингброк «Хаттарының» бірегейлігі мынада — мұнда дәстүрлі мағынада тарих философиясы, яғни тарихи үрдістің теориясы емес, тарих теориясы білім саласы мен адамзат әрекетінің рухани бөлігі ретінде іске асырылған. Мәселені осылай қарастыруы, оны танымдық-әдістемелік бағытқа бұруы тарихи саладағы аумақты таныммен ұштасады да, оған белгілі бір элемент ретінде саясат пен социология, этика мен заң қосылады. Басқаша айтқанда, «Хаттар» тарихты ғылым ретінде тануға үлкен мүмкіндік береді де, сол тарих ағылшын ағартушылары гуманистикасының философиялық синтезі ретінде танылады.

«Хаттар» белгілі бір, нақты адамға арналған, оған оның жазылу мәнері куә. Себебі — ол еркін сарынды әңгіме, нақыл ойларды жатқа айту, деректемелерді құрастыру арқылы жазылған. Г. Болингброк тарих өмір сүріп жатқан ұрпақтарға барынша көп пайда әкелуі үшін тарихи әдістің қандай болуы қажет екендігі жайлы толғанады. Оның бұлай деп пайымдауына себеп болған — көне және ортағасырлық тарихнамалық дәстүрге сын көзбен баға беру тәжірибесі. Екінші себеп — Англия мен Батыс Еуропаның өздерінің саяси ұстанымдарын қолдауындағы саяси бағытын анықтауындағы тарихи тәжірибелері, өйткені сол кезеңде оның өзі отанының сыртқы және ішкі мәселелерін тікелей шешкен.

Г. Болингброктың «Хаттарын» қай жағынан қарастырмасаңыз да жаңашылдық еңбек болып саналады, себебі олар адам алдына жаңа проблемалар қойып, оны шешудің жаңа жолдарын ұсынады. Бұл еңбектің дәстүрден ерекше тыс екені оның тарихи ағартушылық ойлар қатарынан ерекше орын алатындығын төрт түрлі сюжет арқылы бейнелеуге мүмкіндік бар. Біріншісі — сұраққа жауап: адамдардың тарихқа деген құштарлығы қайдан пайда болады? Біреулерге автор тарихты оқу — ермек деп жауап берсе; екіншілерге — өзінің ой-жүйесінің таяздығын жасыру; үшіншілерге — бұл кәсіп

(өздері бірде-бір білім қоспай, тарихпен айналысу арқылы басқалардың жұмысын жеңілдетеді); төртіншілерге – керемет ғылыми адамдар, тарих пен мезгілдемеде кішкене дәлелдерге сүйене отырып, өздерінің «жеке жүйелерін» құрастырып, өздерінше дәлелдейтіндіктен деп жауап береді. Екінші сюжет – гуманистік тарихнамалық дәстүрде екі негіздегі бір-біріне ұқсамайтын тарихты баяндау типтерін анықтау: «сезімдік» (эмоционалдық.-ауд.) тарих пен «рационалды» тарих. Тарихты зерттеудің нақты мәні мен оның пайдасына тек рационалды тарихнама жолымен жетуге болады. Тарихтан, онымен айналысудан тәжірибелік пайданы тек әлеуметтік тарихи тағылым мен жалпылама, дәлелді тарихтан табуға болады. Г. Болингброктың осындай жаңашылық дәлелі – үшінші сюжет. Г. Болингброк тәжірибені тек әлеуметтік-тарихи танымның ғана емес, жалпы танымның ең жалғыз жолы деп қарастырады. Тәжірибе екі түрлі болуы мүмкін: қазіргі күнге сай және тарихи. Болингброктың айтуынша, тарихи тәжірибе, біздің жеке меншік тәжірибемізді түсінуге дайындайтын ең қажет нәрсе дейді. Өткенді баяндай отырып, тарих шын мәнінде әркімге, әр ұрпаққа өзінің қазіргісінің мәнін, өзінің жеке меншік тәжірибесін ашып береді.

Г. Болингброктың ойынша, тарих – әлеуметтік тәжірибенің баға жетпес қазынасы. Оның айтуынша, тарих аймақтық шектеулікті жеңуге әсер етеді, себебі ол басқа халықтардың өмірі және мәдениетімен таныстырады. Адамдардың санасында этникалық және діни сарқыншақтарды жоюға, қараңғылықтың әсері – өз нәсілі мен ұлты туралы кертартпа ойларды жеңуге әрекет етеді. Сонымен қатар тарих патриоттық сезімді арттырып, отанына деген сүйіспеншілікті нығайтады, себебі оның басқа ұлттарға ұқсамайтын өзіндік белгілерін ашып көрсетеді. Автордың «Хаттар» арқылы жеткізілген осындай ойлары өзекті болып табылады.

Ақырғы сюжет: тарих тек қана бір жеке тарихи мақсатты шешеді; тарих кейіпкерлеріне, тарихи тұлғалардың сіңірген еңбектерінің бағасын тарихи әділеттік арқылы береді. Г. Болингброк тарихи фактілердің шындығы туралы мәселені көтереді. Кейбір дара фактілердің шындығы тарихи тұтастықтың айғағы емес, оның айғақтығы берілген фактілердің негізінің шындығында. Өз заманының тарихнамасы оны қанағаттандырмады, ал мағлұматтар түрлері көне классикалық, ортағасырлық болғанына қарамастан, оның айтуынша, олар сенімсіз, мазмұндары анық емес, көптеген мақалалардың біркелкілік сипаты мен сындарлық құны жоқ. Дүниежүзі тарихының деректік негізін сынау барысында және зерттеу әдістерін сынға ұшырату жолында Г. Болингброк ХХ ғасырдың деректануындағы кездесетін көптеген сыншыл әдістерді әлдеқайда бұрын қолданған.

Тарихтың көне кезеңіне байланысты тарихи баяндамаларға сын көзбен қарауды ұсынып, Г. Болингброк бойынша, алдымен, XV ғасырдың аяғында басталатын жаңа тарихқа ерекше көңіл бөлу керек. Тарихи процестің ба-рысын бақылау туралы суреттемесінде, тарихшы оларды белгілі бір жүйеге келтіреді де, аяғында әдіске айналдырады. Жекеден жалпыға қозғалысты бұл жерде қатаң индукция әдісін жалпылаудан жалпы мағыналық сипаттамаға жеткізетін жол деп көрсетеді.

«Хаттар» материалдарының көпшілігі Англияның нақты тарихын, оның ішінде саяси құрылымын «аралас» үкімет ретінде көрсетеді, себебі онда ко-роль мен қауым бір-бірімен өзара байланысты. Алғашқылардың бірі болып Г. Болингброк XVII ғасырдағы Англиядағы өткен ылаңның себепшісі – тәж иелері деп жариялаған. Көріп отырғандай, ол жалпы тарихтың әдістемесі мен деректануынан бірнеше проблемаларды ашып көрсеткен. Қазіргі жаңа тарихқа сүйенсек, Вольтер Г. Болингброк арқылы тарихтың әдістемесі мен философия саласындағы іргелі ойларға келген.

Г. Болингброк ағартушылық дәуірдегі еуропалық тарихи ойларды дамытуға көп еңбек сіңірді, тарих методологиясының бірқатар өзекті мәселелерін атап көрсетті, осының бәрі оның мәдени-тарихи ойының құнды мұрасы болып есептелетіні айғақ.

Г. С.-Д. БОЛИНГБРОК

**ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУ МЕН ОНЫҢ ПАЙДАСЫ
ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАР**

I хат

Адамдардың тарихты зерттеуді мақсат етуінің себептері әртүрлі. Біреулерін, егер олардың әрекетіне «зерттеу» деген сөзді қолдана алсақ, Аристид немесе Фокионды, Эпаминонд немесе Сципионды, Александр немесе Цезарьдің өмірбаянын оқу ғана қызықтырады және бұл әрекеттері бір партия карта ойнау, немесе баяғыда оқыған жеті батырлар туралы ертегіні оқығандары сияқты болады.

Ал екіншілердің де тарихты зерттеп білуге деген себептерінің артып кеткені жоқ, сонымен қоса олардың қоғам үшін қауіп туғызатын тағы да бір жағымсыз жағы бар, және де олардың зерттеу тақырыбын жетік меңгеруіне тікелей байланысты.

Біріншілер әлдебір лайықты мақсатқа жету үшін оқып білуді қажет етпейді; екіншілері лайықсыз мақсаттары үшін толассыз оқиды да, олардың құлшынысы білімі жоғарылаған сайын өрби береді. Бірінші түрге жататын адамдарды мен Англияда, екіншілерін Францияда көп кездестірдім. Менің айтып отырған кейіпкерлерім оқу мақсатын қоғамда өздері туралы жақсы әсер қалдыру, әңгіме кезінде өз білімін көрсету, біреулермен шүйіркелісуге қажет деп түсінеді; бұлар өздерінің ой-жүйесінің таяз екенін түсініп, сол олқылықты жалаңаш деректер мен ақылгөйсінуге арқылы толықтырып, өздерінің ой қорыта алмайтындығы мен пайымдауға деген қабілетінің жоқтығын жаттау арқылы жүзеге асырады.

Келесілері, недәуір жоғары сатыға жатады, бұлар тарихпен айналысқаннан ақылды да, нақылды да болмайтындар, тек басқалардың тарихты оқуына ықпал жасап, оларды пайдалы мақсаттарына жетуге бағыттайтындар; бұлар нашар қолжазбалардан жақсы көшірмелер жасап, түсініксіз сөздердің мағынасын түсіндіріп, өздеріне грамматикалық еңбектердің көптеген басқа да түрлерін жүктеп алатындар.

Бұған дейінгілерден әлдеқайда пайдасыз, бірақ даңққа бөленіп жүрген, жоғары дәрежеде оқымысты, ғалымдар әулеті бұларға иіліп тағзым ететін төртінші сатыға жататындар да бар.

Олардың қолданатындары баяғы сол бір саны көп емес құжаттар, олардың көлемі күндердің бір күнінде көбеюі мүмкін де емес. Ол құжаттарды ғалымдар әртүрлі тәсілмен өздері үшін қолайлы қылып қайта өндеген. Олар әртүрлі пайымдаулар мен шешімдерді айтып, авторлардың бөлектелген еңбектерінің үзінділері мен қайдан шыққаны белгісіз әңгімелердің бөліктерін, әртүрлі халықтар мен небір ғасырларды бір-бірімен байланыссыз бытыстырған. Тіпті, қиялдылық дауыс ырғағындағы ұқсастықты бүтін бір теорияны құраудың негізіне алып, бұлар барлық мүмкіндіктердің түбіне жеткен. Ал олар пайдаланатын тарихи деректерге келсек, олар жан-жақты мардымсыз, мұны кейбір ғалымдардың өздері де мойындағандай мүлдем екіұшты болған.

Болған мерзімі шындық пен нақтылықтан мүлдем алшақ, оны басшылыққа алудың өзі мүмкін еместігіне қарамастан, олар қасиетті тарихты зайырлы тарих және мезгілдемемен үндестіруді өздеріне мақсат еткен.

Көне тарихи ескерткіштерді, аталмыш жазушылар өздеріне белгілі қағидаттарға сүйене отырып, қайта өндеп жазған, сондықтан да бізге жеткен тарихи түп нұсқалары осы күнге дейін таза күйінде сақталып жетпеген.

Біздің мақсат – олардың іргетасын мұқият және риясыз түрде зерттеу, олардың шын немесе екіталай еместігін анықтасақ, бұндай негізге тұрғызылған құрылыстан жақсылық күту жосықсыз болар.

Өзіміздің хабардар болғанымыздың кесірінен беделділердің айтқанына көз жұмып сене бермес үшін, бұндай зерттеулер жүргізу өте қажет.<...>

II хат

Тарихқа деген сүйіспеншілік адамзат табиғатының бөлінбес бөлшегі сияқты, себебі ол адамның өзіне деген сүйіспеншілікпен бірдей. Дәл осы ең басты себеп бізді алды-артымызға сүйреп, болашақ пен өткен ғасырларға қызығушылық туғызады. Біздің елестетуімізше, өзімізді толғандыратын заттар ұрпақтарымызды да қызықтыратын сияқты: бұндай сезім бүкіл адамзатқа тән, оны Цезарьдан бастап шіркеу кеңсе хатшысы Поптың «Қосындылар» атты еңбегіне дейін

кездестіреміз¹. Бізге тән бір нәрсе (әрине, қаншалықты шамамыз жеткенше) — өміріміздің, заманымыз бен өткен-кеткеннің ең жарқын сәттерін жадымызда сақтап қалуға тырысу. Осы себептен, ғылым мен мәдениеттен хабарсыз халықтар, тас қорғандар көтеріп, қарапайым өлеңдер шығарумен шұғылданған. Алысқа кетпей—ақ оған дәлел келтіруге болады. Мысалы Одиннің жеңісі руникалық өлеңдерде мадақталса, біздің британдық ата-бабаларымыздың істері бардтардың өлеңдерінде жырланған². Америка жабайылары мұндай дәстүр мен әдеп-ғұрыпты әлі күнге дейін сақтап отыр, олардың той-думандарында аңшылық пен соғыс туралы ұзаққа созылған тарихи балладалар айтылады. Қанағаттандырылуына мүмкіндіктері кеңейіп тұратын мұндай құштарлықтың өркениетті халықтардың арасында қандай күшпен өрбитіні, айтпаса да, белгілі.

Табиғат мұратына жетті. Табиғат, оқу мен ойлау қабілеті бар әрбір адамға тарихты оқып-үйренуге мүмкіндік берді, ал оның ішінде ең жаңға жағымдысы — ақыл—парасат арқасында неғұрлым ақылды пайдалы етуі.

Тарихтың негізі пайдасы неде? Біздің жақсы да ақылды болуымызға ол қалай қызмет ете алады? Бұндай асыл мақсаттарға жету үшін оқып-үйренген кезде қандай тәсілдерге жүгінуіміз қажет?

Мен сіздерге Дионисий Галликарнасскийдің жазғандарынан оқығаныма сүйеніп жауап қайтарамын³. Менің ойымша, тарих — бізді мысалдар арқылы үйрететін философия. Өзімізді қоршап тұрған ортаға көз салсақ, мысалдың бізге күнделікті қандай әсер ететін күшін көре аламыз, ал өзіміздің көзқарасымызды ішкі дүниемізге аударсақ, мысалдың қандай күші бар екенін бірден-ақ сеземіз. Тацит айтқандай: *Pauci prudentia, honesta ab deterioribus, utilia ab noxiis discennunt: plures*

¹ Шіркеу кеңсе хатшысы— ағылшын ақыны Александр Поптың «Қосындыларының» кейіпкері. Бұл шығармада жазушы өз өмірін, шіркеудің тарихын, соңында Еуропадағы болып жатқан тарихи оқиғаларды бейнелейді; бұл мәліметтерді ол королева Анна билік еткен соңғы (1710 - 1714) жылдары басылған газеттерден алған.

² Один — скандинав мифологиясының басты құдайы, әскерлердің қорғаушысы, Валгалл — аспан сарайында өмір сүретін, мұнда ол соғыста қаза тапқандармен кездеседі. Одиннің бастан кешкендері туралы «Үлкен Эддеде» (ерлер туралы скандинав мифологиялық жырларында IX — XII ғасырларда жинақтап, бірақ XIII ғасырда жазылған) және Спорри «Кіші Эддеде» жазған. Оларды исланд тарихшысы Сиурлу-сон 1222-1223 жж. құрастырған.

³ Дионисий Галикарнасский (б.д.д. I ғасырдың екінші жартысы) — грек, Август билігі кезінде Италияға қоныс аударған, «Римнің ежелгі тарихы» және көптеген тарих туралы шығармалар жинағының авторы, шешен, әдеби сыншы.

aliorum eventis docentur. «Аз ғана адам тазалық пен харамдықты, пайдалы мен зиянды ақылымен ұғынады, ал басым көпшілігі басқалардың тағдырын зерттеп, тағылым алады».

Біреу бізге мысал келтірсе, олар біздің сезімдеріміз бен ойымызды оятуға арналғандай болып көрінеді де, жанымызға жағымды болады. Сол кезде білім өзімізден тарағандай сезінеміз: біз өзіміздің тәжірибемізге сүйеніп, ойлап тапқан жалпы ережеге жүгініп, фактілерге жол береміз де, абстрактілі пайымдауларға қарсы шығамыз. Бұл мысал арқылы үйретудің жалғыз ғана артықшылығы емес, мысал біздің санамызға өз әсерін тигізумен шектелмей, сезімімізге де соншалықты әсер етеді. Ол оны тыныштандырады не коздырады, сезімді санамен ұштастырып, адамның тыңғылықты болуына әсер етеді, ал олай болмаса, бұл ең сенімді пайымдау мен ең белгілі ақиқаттан артық қасиет. Қорыта айтқанда, қайталау арқылы әдетті қалыптастыра отырып, мысал санаға өз әсері арқылы сіңген нұсқаулардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Қымбаттым, мысал мектебі — бүкіл әлем болса, бұл мектептің оқытушылары — тарих пен тәжірибе. Мен, соңғысына қарағанда, біріншісін қажеттірек деп айтқым келмейді. Менің бұған деген көзқарасым басқа, алайда тарих бізге әбден қажет, себебі ол бізді тәжірибені меңгеруге үйретеді де, оны біз біліп-танығанша өмір-бақилық серіктесіміз болмақ.

Тәжірибесі бар, бірақ тарихты біліп-танымайтын қарапайым адамзат балалары, адамзат туралы ғылымдағы дүмбілез білімдарларға айналады. Ал егер де, олар тарихтан хабардар болып, тәжірибелері болмаса, онда олар — беймаза да өркөкірек педанттар, әрдайым көргенсіздер болмақ.

Мысал деп отырғанымның не екенін өздеріңізге түсіндіруге рұқсат етіңіздер. Адамзат арасында күлкілі де зиянды атакқұмарлықтан асқан, кеңінен тараған кемістік пен есуастық бар, ол — өз отандастарын әлдебір елдің өкілдерінен жоғары қойып, өздеріне ғана тән дәстүр, әдеп-ғұрыпты, дұрыс пен бұрыстың, шындық пен өтіріктің өлшемі деп ойлау. Иезуиттер өздерінің империясы әлемдік картаның кішкентай ғана бөлігін алып жатқанын көрсеткенде, Қытай мандариндері керемет таң қалып, олардан күдіктенген⁴.

Осындай атакқұмарлық сезімнен бізді сақтап, алшақтатудың ең жақсы тәсілі — ерте кезден бастап үлкен дүние шарындағы елдердің

⁴ Мандариндер — феодалдық Қытайда мемлекеттік шенеуніктерді осылай атаған, сонынан Еуропа тілдеріне енген.

тарихын оқып-білуге деген талпынысты әдет, себебі ол біздің алдымызға тарихты жайып салып, бізге сол елдердің күйреуі мен өркендеуі, олардың жабайылық және өркениетті қалыптағы жағдайларының, олардың бір-бірінен немесе бізден қандай ерекшеліктері мен ұқсастығы болғанын көрсетеді.

Егер осындай көріністі іштен жиі-жиі көз алдымызға елестетсек, онда мексикандық өзінің құс қауырсынынан жасалған бас киімі және көйлегімен, құдайына адамды құрбандыққа шалғаны бізге бір тағылық болып көрінсе, соншалықты көптеген халықтарды ал өзінің әлемді билеуге деген құмарлығының кесірінен жаппай қырған, басында қалпағы, мойнында шылбыры бар испандықтың аш көздігі мен зұлымдығы одан өткен тағылық болып көрінеді. Тарихтың бізді тұрмыстық тәжірибеге дайындап, бағыттап беретін көптеген мысалдарын келтіре аламын, олардың көбі таң қаларлық та, пайдалы бола алады. Мен, бізге тәрбие арқылы балалық шағымызда сіңетін, өмірлік тәжірибемізді әлсіретудің орнына одан әрі көбейтетін, тәрбиеміз сияқты таяз болатын, ұлттық шектеушілік пен ұлттық соқыр сенімнен, тарихтың құтылуға көмектескені туралы көптеген мысал келтіре аламын. <...>

Ерте кезден бастап дұрыс оқытылған тарих өз елімізге деген намысқа сыймайтын құштарлық пен басқаларға деген тысқары сезімнен құтқарып, өз отанымызға деген шын сүйіспеншілік сезімін туғызады. Отанға деген сүйіспеншілік – тағылым, ол бізге ақыл-парасат арқылы келетін туа бітпейтін қасиет. Біздің Отанға деген сүйіспеншілігіміз белгілі бір инстинкт емес, тәрбие мен әдет, міндет пен пайдалы болу арқылы айқындалады. Соған қарамастан отанжандылықты орнату қажет, себебі кейбір қызыл тілді шешендер мен ақындар бұл парасатты міндетті құмарлық бұлағына айналдырып жүргеніне қарағанда, барлық ұлттардың өркендеуі, ал тіпті кейбіреулерінің ұлылығы дәл осыған байланысты. Біздің тарихшылардың көркем баяндаулары және әділетті мадақтаулары мен айыптаулары арқылы тарихтан бұл терген мысалдарымыз, кейбір декламациялар (мәнерлеп оқу.-ауд.) мен жырлар, құрғақ таза философиялық этикалық пайымдауларға қарағанда, әлдеқайда үлкен де ұзақ әсер қалдырады. Қысқаша айтқанда, тарихшымен әңгімелесу дегеніміз – жақсы ортаға түскенмен бірдей, олардың көбі тамаша адамдар болған, ал ондай бола алмағандар, артында қалған шығармалары арқылы, дәл сондай болуға тырысқан.

Сондықтан да осындай әңгімелердің өзінен біз көптеген пайда алғандай сезінеміз, өйткені бұл өмірдің өзімен сұхбаттасқанға тең.

Тарихты оқып үйренудегі біздің көңіл-күйімізді аударатындай тағы да бір басымдық бар. Мен жариялайын деп тұрған артықшылықтың мазмұны мынада: тарихтың бізге адамдар мен оқиғалар арқылы берілетін мысалдары әдетте түгелденген сипатта болады; барша мысал көз алдымызда басынан аяғына дейін көрсетілген күйінде жатыр, сондықтан философияның бізге тағылым ретінде ұсынатын барлық сабақтары мен олардың жеке беттері осы мысалға келіп тіреледі. Ал адамдарға келетін болсақ, тарих олардың өмірінің жекелеген қырларын, әдетте тәжірибеге қарағанда, құштарлықтан әлдеқайда алшақ тұратын дәнекердің баяндауы арқылы бейнелейді.

Тарих қойнауындағы оқиғаларға бас бұрайық: олардың барлығы сіздердің алдарыңызда, олар себепші немесе салдарлы, тура немесе жанама ретінде бірінен соң бірі тізіліп шарттасып тұр. Біз де әлдебір өткен ғасырларға қайта оралған сияқтымыз, бізден бұрын өмір сүрген адамдармен қатынасып, көзіміз көрмеген елдерге саяхат жасаудамыз. Біз үшін кеңістік ұлғайып, уақыт созылады, балалық шақтан бастап тарихқа бейімделіп, оны оқуға кіріскен азамат өмірге аяқ баспай жатып, бірнеше жылдың ішінде-ақ адамзат туралы толық мәлімет алып, өзіне бірнеше ғасыр бойындағы тәжірибені сіңіріп, әлдебір патриархтан жоғары болуы мүмкін. Ең ұзақ жылдар бойы біз куәгер болған оқиғалардың өздері де бізге бір-біріне ұқсамайтын, шартсыз, ерекше болып көрінеді. Мұны біз кездейсоқтық деп атап, оны сөздің кездейсоқ ойыны деп қарастырамыз, себебі үнемі қолданғанымызбен оның нақ мәні жоқ. Біз бүгінгі қиындықтан шыға аламыз, қолымыздан келгенше барлығын пайдаланамыз да болашаққа үңілмейміз. Тәжірибе бізді алдыға сүйрей алмайды, себебі ол барлығын сәл ғана өзгертуге шамасы жетеді, оның өзінде де айтулы бір нәрсенің себебін ашу үшін; салдар пайда болғанға дейін ол тәжірибенің объектісі бола алмайды. Осыдан келіп бұрыс пайымдаулар мен қателіктер туып, оның нәтижесінде біздің мінез-құлқымызда тарих пен тәжірибенің арасындағы айтарлық айырмашылық білінеді. Тарихтың артықшылығы екі жақты. Біздің байқауымызша, көне тарихтағы мысалдар, өмір бойы барысында аяқталмай қалғанына қарамастан, толық қалыптасқан оқиға ретінде баяндалады. Тек жеке патшалықтардан ғана емес, үкіметтердің, ұлттардың, империялардың әдеп-ғұрпынан бір-бірін жалғастырып жатқан оқиғалардың басын, жалғасын және соңын көреміз. Жаңа тарихта мысалдар толық болмауы мүмкін, бірақ олардың бір ерекшелігі сонда – олар біздің кезеңімізге қатысты мысалдарды толық баяндауымызға мүмкіндік береді. Тәжірибе, әрине, толық емес: біз көптеген құбылыстың бастамасынан кейінірек

туамыз да, олардың соңын көрмей, ерте қайтыс боламыз. Тарих болса осы екі олқылықты толтырады.

Жаңа тарих тек тәжірибе оқиғалардың салдарын анықтағанда ғана себептің қандай болғанын байқатады, ал көне тарих болса, тәжірибе оқиғалар себептерін анықтаған жағдайда бізге олардың салдары туралы болжау жасауға мүмкіндік береді.

Тарих бізге құбылыстардың пайда болу себебін де, оның болатын салдарын да көрсетіп, тіпті болашақ оқиғаларды болжауға мүмкіндік береді. Одан артықты істеуге оның табиғи шамасы жетпейді. Лорд Бэкон өзінің «Ғылымның дамуы» деген екінші еңбегінде Филон мен Иосифтың Мұса туралы пайымдауына тоқтала келіп, былай деген: қасиетті тарихтың ұлылығы сонда – ол фактілердің пайда болғанынан бұрынғы тарих пен одан кейінгі тарихты да баяндай алады⁵. Әулиелілік пен таңғажайыптар уақытының өтіп кеткенінен кейін, біз болашақ туралы тек қана өткенді салыстыра отырып болжай аламыз; өйткені одан басқа бізге ештеңе қалған жоқ, ал тарих болса соны бізге ұсынып отыр. <...>

III хат

Тарихты зерттеуші де, философияны зерттегендей, алдымен оларды танып, содан кейін құрастырады, осыны жасағаннан кейін, өзіндік біртұтас этикалық және саяси жүйе құрастырады, оны әлемдік тәжірибеде тексеріп, құпталған, тексерілген қағидаттар мен заңдарға негіздейді. Менің айтуымша, оларды «тану» дегеніміз, тағы да еске сала кетейін оларды (белгілі бір әдістер мен ұстанымдарды), әлдебір елдердің, әр түрлі дәуірдегі мінез-құлықтың салттары мен жағдайларына байланыстыра қолдану, негіздеу әрқашанда өрескел немесе дұрыс емес, қауіпті болады.

Осымен әңгіме тоқталмайды. Көптеген нақты адамдар мен оқиғалардың алуан түрлілігін бақылай отырып, көптеген себептерін ұласымдылығының әртүрлілігін, оның ішінде олардың бір-бірінен алшақ, қарама-қайшы екенін өте мұқият зерттей отырып, оларды көп жағдайда тұтас бір қорытындыға келіп түйісетінін, сонымен бір-

⁵ Ф. Бэконның «Ғылымның жетістіктері мен дамуы» (1605жылы) атты еңбегі туралы айтылады, онда «Киелі жазуда» айтылған кейбір мәселелерді өткен оқиғалармен салыстыру керек, оның шындығын дәлелдеу керек деген, себебі ол «бізге кейбір болашақты болжау туралы ғылым құруға себебін тудырады» – Ф. Бэкон шығармалары. 1 т. – М., 1971. 181 б. қараңыз.

ге жалғыз ғана себептің көптеген салдар туғызатынын және олардың бір-бірінен алшақ, ұқсамайтын, сыртқы жағынан бір-біріне қарама-қайшы болатындығы өте таңғажайып. Егер өзі қарастырып отырған затқа мұқият үңілетін болса, оның өзіне тікелей қатынасы бар деп қарастырып, әрбір кейіпкерлер оқиғалардың өте әлсіз көрсетілген кескіндерінде тарихтың беретін мүмкіндігін қолданып анықтай алса, адамзат осындай тәсілдерді қолдана отырып, өзіне берген қабілет арқылы тарихты зерттеп, оқып-үйренуге алдына қойған негізгі мақсатқа жетеді. Соның арқасында өзінің өткірлігі мен мұқияттылығын арттырып, әр нәрсені пайымдау қабілетін күшейтіп, әр нәрсенің мәнін тезірек түсінуді әдетке айналдырып, болашаққа үңіле алатын қабілетке ие болып, кейде жұмсақ, кейде қатал бола алатын қалыпқа жетеді де, оны басқа адамдардың қолдауы немесе қолдамауына байланысты атқарып жатқан барлық бастамаларына қолданатын жағдайда жаратады.

Сонымен, тарихты зерттеу бізді іс-әрекет пен бақылауға дайындайды. Тарих – көне автор, ал тәжірибе – қазіргі заманға сай тіл. Біріншісі біздің талғамымызды дамытса, біз оның мәні мен мазмұнына көңіл аударып, оның рухы мен негізін өзімізге сіңіреміз; бірақ біз тек жеке бір атактыларға ғана еліктейміз, оның өзінде біздің ғана тіліміздегі идиомаларымен байланыстыра отырып, көбінесе біз оларды түбірімен көшіруден алшақтап, оларды басқа эквиваленттермен ауыстырамыз. Сонында айта кететінім: тәжірибе қазіргі кезенді көрсетсе, қазіргі кезең бізге болашақты болжауға көмектеседі, ал өткенмен ұштасқан тарих, бізге қазіргі жағдайды дұрыс жорамалдауға мүмкіндік береді.

Тарихты зерттеп үйренуден нақты және негізгі пайда табатынымызды, мәртебелім, көбінесе оны оқып үйренудің тәсілдерін жазып жүргендер еске алмайды, ал біз өзімізше әртүрлі мақсат қоятын болсақ, оны шешу үшін де, әртүрлі тәсіл мен жолдар керектігін ұсынамыз. Менің қолыма осы тақырып бойынша бірнеше ғана трактат түсті. Олардың бірі – өз заманында әйгілі болған Боденнің әдісі⁶ баяндалған. Осыдан біраз жыл бұрын мен қолыма үлкен үмітпен алып, оны оқып шыққаннан соң, көңілім толмай қалды. Автор бұл кітапқа ойына келген әр түрлі атты бере салуына болар еді. Онда нақты мақсатты баяндайтын беттері өте шамалы, ал бесінші бөліміндегі жер шарын мекендеп отырған халықтардың мінез-құлқын географиялық орналасуы мен

⁶ Жан Боден (1530 – 1596) белгілі француз саясат қайраткері, жазушы, саяси ойшыл, заңгер, табиғи құқықтың теоретигі, өзінің «Тарихты оңай игеру әдісі» деген трактатасында, қоғам өз алдына бір жеке туыстық – шаруашылық одақ бірлігінен тұрады да ол ары қарай дамиды деген.

жұлдыздардың әсеріне байланысты екені туралы айтып, оқырманды «ad universam historiarum cognitionem, et incrruptum earum iudicium» — «тарихты жалпылай түсініп, ол туралы қате емес пайымдау» жасау үшін нақыл сөзден басқа еш нәрсе маңызды емес деп сендіргісі келетін пікірлері тіпті жалықтырып жібереді⁷. Оның әдісіне сүйенсек, біз алдымен, бүкіл дүниежүзі тарихы мен мерзімдемесі туралы жалпы түсінікті қысқаша пайымдаулардан біліп, содан кейін ғана әр елдің, жеке ұлттардың тарихын оқуға көшуіміз керек. Философтың еңбегі ақыл-парасаттың іс-әрекетінен басталып, елестеуімен аяқталады. Тарихшы болса оған қарсы бағытта жұмыс істейді: ол өз еңбегін, деректерге сүйенбей бастап, кейде аяғында ғана оларға үңілуі мүмкін. Бұл бұрыс әдет ғалымдардың арасында кеңінен таралған, және көптеген белгілі ойлармен негізделген, егер рұқсат етсеңіздер, мен бұған қарсы тұрарлықтай, анық дәлел айтып беремін. <....>

III. Көне тарих туралы ойлар

Адамзаттың табиғаты мен адамзат тіршілігінің барысы тарихта қандайда болмасын ұлттың өмір сүрген алғашқы ғасырларына байланысты деректерді сақтап қалуға мүмкіндік бермейді. Қазіргі ұлттардың шығу тегі туралы бізде ешқандай мәлімет жоқ. Бұдан 2 – 3 мың жыл бұрын жойылып кеткен немесе қоныс аударып кеткен халықтардың шығу тегі туралы мәліметтерді таба аламыз дегенге сенуге бола ма? Автор немесе оқырман ретінде, біз осындай белгісіз немесе анық емес мәліметтерге жолықсақ, онда тарихтың кіріспесі болып отырған осындай деректерге аса зер салмай, оларды түртпей-ақ жанынан кетуіміз керек. Мұндай мәліметтер әрі кеткенде әлдебір аспаптарды жөндеуге немесе болатын концерттің ашылар алдындағы ойын сияқты. Әрине, біз бірін — шын тарих деп, екіншісін — шын үйлесім деп санайтындарды ешбір талғамы жоқтардың қатарына жатқызамыз. Дегенмен мұндай ойлар әлі күнге дейін Германия мен Голландияда ғана емес дарындылар толы дейтін Италия, Франция, Англиядан да кездестіреміз.

Геродот, сөзсіз, білімқұмар болып, сол кездегі өмір сүрген көне иониялықтар, лидиялықтар, фригиліктер, египеттіктер, вавилондықтар, мидиялықтар мен парсылар т.б. көптеген халықтар туралы білгенін еңбектерінде жария қылуға ниеттенген.

⁷ Боденнің трактатасының бесінші бөлімі, шамамен барлық кітаптың 115 бөлігін құрайды да, «Тарихи шығармалардың дұрыс бағалауы» деген атаудан тұрады.

Осы уақытқа шейін сақталып келген тоғыз кітабында ол тарихтың о бастан бастап, Олимп дәуіріне дейін (алайда оның сол кезде болғанынан еш хабары жоқ) өткенге үңілгенді, сондағы мақсаты — патша туралы қатындардың өсегін айтып, оның тәжінен қалай айрылып қалғанын, өз әйелін тырдай жалаңаш етіп сүйіктісіне көрсеткенін айту еді⁸.

Ол азды-көпті шындыққа ұқсас қылып мидиялықтардың тарихын, соңынан парсылардың тарихын — тіпті өзінің ғасырында болған Ксеркстің қашуын да баяндайды⁹. Және де оның өз заманындағы оқиғаларды баяндау тәсілі әңгіме ретінде сипатталады. Ал гректер мен парсылардың отан тарихына келетін болсақ, арасында басқа ұлттардың да тарихын шолып өтіп, әртүрлі деректерден жұлып алып, белгісіз, түсініксіз аңыздарды қолданғаны көрініп тұр. Ол тарих ғылымының негізін құрайтын, оның негізі болып саналатын нақты тарихи құжаттар не нақты ақиқат мерзімдемелерді басшылыққа алмаған, тарих ғылымының іргетасы болса солардың негізінде қалануға тиіс. Менің ойымша Геродот өз еңбектерін жарты ғасырдан артық, ал Ксенофонт болса Кир патша өлгеннен кейін бір ғасыр өткеннен соң жазды, дегенмен екеуінің де осы патшаның дүниеге келгені, өмір сүргені, өлімі туралы келтірілген мәліметтері әр түрлі, бір-біріне ұқсамайды! Егер сол кезден біздің заманымызға дейін көбірек тарихи шығармалар жеткен болса, бұлардың жазғандарының дәлсіздіктері мен пайдасыздығы аса түсер еді.

III, 2. Қасиетті тарих туралы

Сонымен, көне ұлттардың шығу тегі мен сол кездегі оқиғалар мен кезеңдері туралы біздің бірінші ғасырлар деп атайтынымызға дәлел болатындай қандай тарихи ескерткіштер сақталды екен? Әрине, «Інжілдің» «Көне өсиет» деп аталатын бөлімін тарихқа байланысты бөлігі деп жауап беруге болады. Алайда мәртебелім, осы кітаптарды қолына алып отырған адал да әділ сыншыл адам, оларды жеткіліксіз,

⁸ Геродот I, 7 — 13 қараңыз. Бұл Лидия патшасы Кандавл мен оның сұлу әйелі және айлакер қарушысы Гига туралы халық аңызының түпнұсқасы, онда Гиганың өз патшасын өлтіріп, оның орнын, байлығын басып алу туралы айтылады. Гига жөнінде Платон: Мемлекет.

⁹ Геродот VIII, 113 — 127. б.д.д. 480 жылы Саламиндегі жеңілістен кейін Ксеркс Эллададан кері қайтады.

дәлелсіз деп санар, себебі ондағы баяндалған оқиғалардың тарихи шығармалар ретінде қаншалықты беделі бар екеніне мәліметтерді талдау барысында көзі жетеді. Сонда олар не? Бізге олар қалай жетті? Александр гректерге бұрын белгісіз Сирияны мекендеген халықтарды әскери қимылдарын Азия жерінде жүргізгенде ғана тани бастады¹⁰. Бұл халық египеттіктердің, ассириялықтардың, мидия және парсылардың құлдығында болған; бұл халықтың он екі бөлігінің оны көне жаулаушылардың қысымынан қоныс аударылып, Шығыста шетелдіктермен араласып, соңынан шашырап жоғалып кеткен. Оның бәрі Александр талқандаған империяда бірнеше ғасыр бұрын өмір сүріп,¹¹ қалған екі бөлігі (бұл оқиғадан сәл бұрынырақ) Вавилонға құл ретінде әкелінген¹². Басқаларға қарағанда бұл құлшылық ұзаққа созылмады, алайда осы уақыттың өзі тұтқындарға өздерінің елі мен тілдерін, көне еврей диалектісі мен әліпбиін де ұмытып үлгеруге жеткілікті болған. Олардың тек шамалы бөлігін ғана еліне қайтып оралуға үгіттеуге мүмкіндік болып, парсы патшасының рақымшылығының арқасында өздерінің қалаларын қайта көтеріп, көне отанына қоныстануларына рұқсат етілген¹³.

Бірақ осы ұлттың қалдықтары да тұтас халық ретінде өмір сүре алмады. Тағы да бір орасан зор көшіп–қону басталады да, еврейлер Птоломейлердің билігінде болып, ата-бабаларының Халдейде-

¹⁰ Александр Македонскийдің Азияға жорығы б.д.д. 334 жылы көктемде басталады. Ал Сирияға оның әскерлері 333 жылы кіреді.

¹¹ Парсы империясы б.д.д. VII ғасырдың ортасында пайда болып, билік басына Ұлы Кир келеді. II ғасырдан астам уақыт ішінде мемлекет басында Ахеменидтер ұрпағынан шыққан патшалар болады.

¹² Інжіл бойынша, Иаков патриархтың он екінші ұлы он екі тайпаның басшылары болады, олар соңынан бірігеді де, Давид (Дәуіт.-ауд.) патша (б.д.д. X ғ. басында) біртұтас Израиль – Иудей патшалығын құрады. Сүлеймен патшадан кейінгі Дәуіт патша қайтыс болғаннан кейін, патшалық (928 жылы) ыдырайды да, он тайпа Израиль аумағында, екеуі Иудейде қалады. Біздің дәуірімізге дейінгі 722 жылы ассириялық патша Саргон II Израиль патшалығының орталығы Самарияны басып алып, Осий патшамен бірге 27 мың адамды тұтқындап, оларды Лидия мен Месопотамияға қоныстандырады.

Осылай Израиль патшалығы жойылады. Б.д.д. 597 және 586 жжылы аралығында вавилондық патша Навуходносор II Иудей патшалығының астанасы – Иерусалимді жаулап алады. Ол да көптеген адамдарды тұтқындап, оларды Вавилонға әкеледі.

¹³ Вавилон тұтқындығы жарты ғасырға жуық уақытты алады. Ұлы Кир Вавилон әскерін талқандап, 538 жылы Вавилонға кіреді де, соңғы патшасы Набонидті тақтан құлатады. Сол жылы Кир еврейлерге өз еліне оралуларына рұқсат етіп, храмдары мен қалаларын қайта орнатады.

гі күйін кешіп¹⁴, Египетте жүріп өз тілдерін ұмытып қалады. Соған қарамастан, Египетте жүрсе де, олардың көпшілігі өз дінін ұстаған, ал олардың Халдейде қолға түскен бабалары өз тілдерін ғана ұмытып қоймай, діндерін де ұмытқан; Александрияда олардың Қасиетті жазулары грек тіліне аударылып, Иерусалимде оның канондық мәтіндері толықтырып жазылған.

Бұл қасиетті жазулары дәстүрге айналып, сол дәстүр тарихқа айналған... Сонымен, мәртебелім, бұл кітаптың бізге ырымшыл адамдардан жеткендіктен және олардың арасында игілік үшін өтірік айту әдет пен өнерге айналып кеткендіктен, оның нағыз тарихи шығарма екеніне біздің әбден күмәндануымызға болады. Сондықтан да, олардың бізге түпнұсқа деп айтып, өз елдерінде жазып, бүкіл әлемге таратқаннан кейін оның шын екеніне біздің көзіміздің жетуі мүмкін бе?..

Әллиндік еврейлер, күмәнсіз, өздері ғана түсінетін тілде жазған қасиетті шығармаларының бар екеніне өте риза болып, өздерінің өткені туралы мадақтап, өз халықтарын билеушілік жүргізіп тұрған гректердің арасында асқақтатып көрсеткен. Дегенмен, бұл кітаптың беделі жоғары болып, тіпті пұтқа табынушылардың арасында да оның белгілі болғаны туралы мәліметтерді кездестірмейміз.<...>

Алайда менің батыл айта алатыным мынау – кімде-кім мерзімдеме жүйесін немесе тарихты жүйелілікпен баяндау мен әр нәрсені білу үшін толық құжаттарды Көне өсиет беттерінен іздейтін болса, оларды жазған авторлардың не айтқысы келгенін табуға ұмтылса, олардың бұл бастамалары бекер болмақ. Бұл кітаптар тек қана генеалогиядан алынған мәтіндер, бірақ тектану емес, тарихи шығармалардан алынған мәтіндер, бірақ тарих емес.

Еврейлердің өздері де генеалогияларының жетілмегендігін мойындайды, себебі онда кеткен қателіктер мен олқылықтарды мысалға келтіреді; олай болса бұндағы генеалогияларды тек үзінділер ретінде қарастырып, онда халық тарихындағы әр ұрпақтың тарихы туралы айтылмағанын анық айтуға болады. Зайырлы мерзімдеме тым жас және сенімсіз болғандықтан, оны діни мерзімдеменің барлық

¹⁴ Халдей – бұл жерде Вавилония, Ассирия мемлекеті құлағаннан кейін (б.д.д. 605 жыл) билік басына халдей билеушілері келеді. Александр Македонскийдің өлімінен кейін Палестина оның ұрпақтары – диадохтардың арасында талас тудырады. Б.д.д. 320 – 301 жылдар аралығында ол жеті рет қолдан қолға көшіп, ақыры Египет патшасы Птоломей I Лагуге бұйырады. Ол еврейлердің көп бөлігін Иерусалимнен Александрияға көшіреді.